

ЕЗЕМЕН ҚАЗАҚСТАН

Бүгінгінің қара нары – білім мен ғылым



Ханкелді ӘБЖАНОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының директоры,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі

Саннан сапа шығады. Халықтың сапасы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру саясаты мен практикасының дұрыс-бұрыстығына байлаулы. Интеллектуалды ұлттың бастауы білім мен ғылымда. Бұлайша тізбектеуіміз «Шал мен шалқан» ертегісін еске түсіруі мүмкін. Бірақ ХХ ғасырдың әлемдік тәжірибесі осыны мойындауға мәжбүрлейді.

Қазақстанның қазіргі білім жүйесі ұлттық тарихымыз бен жаһандандудың, ізденіс пен іркілістің, күрес пен жеңілістің кеңістігі іспетті. Мұнда Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсынұлы заманынан келе жатқан дәстүр мен жаңашылдық бар, әлемдік деңгейде білім беріп жатқан ұстаздар мен таланты талайды тамсандырған шәкірттер бар, сұғанақтықпен, яғни плагиатпен жазылған оқулық пен паракорлық та кездеседі, шала сауатты жандарға кәметтік аттестат пен диплом беретін мектептер мен жоғары оқу орындары да жоқ емес.

Кезек күттірмейтін күрмеуі күрделі әрі өткір мәселелер Елбасымыздың Қазақстан халқына биылғы Жолдауында қадап-қадап көрсетілді. Оларды екі топқа жіктеуге болады. Біріншісі – адами капитал сапасын жақсартудың басты буыны білім болғандықтан, бұл жүйені қай бағытта және қандай шаралармен алға бастыруға болатыны, екіншісі – қандай бөгесіндерді, кедергілерді жұлып тастау керектігі.

Адами капитал сапасын жақсартудағы білім берудің маңызы кеше де, бүгін де, ертең де бір ғана міндетті шеше алуымен анықталған. Ол – білмейтін жанның санасы мен жүрегіне болашағы зор іргелі, белгілі заңдылықтар мен теорияларды, жаңалықтар мен сабақтастық байланыстарды жеткізу.

Осынау міндетті шешудің төртінші сатысында тұрмыз. Бірінші сатысын Ұлы Отан соғысы қарсаңында игердік. Ол жаппай сауатсыздықты жоюмен және жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді өмірге енгізумен көмкерілді. Екінші сатыға толық емес орта білім беруді аяқтаумен ХХ ғасыр ортасынан аса бергенде көтерілдік. Үшінші сатыны игергеніміздің өлшем-көрсеткіші – жаппай орта білім берудің, жоғары мектеп жүйесін түзудің, ұлттық зиялы қауымды қалыптастырудың аяқталғаны. Бұл межеге шамамен өткен ғасырдың 70-ші жылдарында жеттік.

Осылайша, алғашқы үш сатыны бағындырудың әрқайсысына 20-25 жылдай уақыт қажет болса, соңғы төртінші сатыда тым ұзақ – жарты ғасырға жуық бөгеліп қалдық. Сонда да оның басты міндетін – кәсіби-функционалдық даярлығы заманауи сұраныс пен талапқа сай адами капиталды қалыптастыруды оқу орындары әзірге шешкен жоқ.

«Мектептің де, ЖОО-ның да, педагогтардың да беделі түсіп кетті», деген ренішті жиі естиміз. Білім беру жүйесінің «дертін» оқу-материалдық базасының әлсіздігімен, еңбекақының төмендігімен, биліктің өктемдігімен байланыстырушылар көп. Бұлардан келіп жатқан зиян шаш-етектен.

Дегенмен, оқу орнының беделі мен мәртебесін, парқы мен нарқын, қадір-қасиетін көтеретін шешуші фактор – түлектерін замана сұранысына сай біліммен сусындата алатын биіктен көріне алды. Бармағынан бал тамған аспаз немесе ағаштан түйін түйетін шебер даярлай алатын мектеп пен колледждің түлегі жерде қалмайтынына кәміл сенемін. Оксфорд университетін әлемге әйгілеп отырған құдірет атауы емес, сол университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен бәсекеге қабілетті шәкірттері. Сондықтан да, Жолдаудағы: «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», деген Президент тапсырмасын төртінші сатының мәні мен стратегиясы ретінде қабылдауымыз керек.

Осыдан 3 жыл бұрын Елбасымыз: Қазақстанның ХХІ ғасырдағы ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялаған еді. Аз ғана уақыт ішінде осынау тұжырымның жасампаз қуаты толық дәлелденді. «Мәңгілік Ел» идеясының көздегені «өлмесем болдыға» саймайды. Көштің соңында салпақтап, шаң жұтқаннан ештеңе таппаймыз. Бүгінгінің қара нары – білім мен ғылым.